Жетісу облысы білім басқармасының 2026 жылдың III тоқсанында орындалған жұмыстары бойынша ақпарат

Білім беру нысандары

Облыста 800 білім беру нысаны жұмыс істейді, оның ішінде 320 жалпы білім беретін ұйым, 409 мектепке дейінгі ұйым, 27 колледж және 19 қосымша білім беру ұйымы бар. Сонымен қатар 5 ОПМПК, 13 КППК, 4 арнайы мектеп-интернат және басқа ұйымдар қызмет көрсетеді.

Бюджет және материалдық-техникалық база

2026 жылға арналған білім беру бюджетінің жоспары 204,7 млрд теңге. 1 қазанға жоспар – 171 495,0 млн теңге, 31 қазанға күтілетін игеру – 171 195,0 млн теңге. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға 4,7 млрд теңге бөлінді, жарақтандыруға 4,8 млрд теңге жоспарланды. Оның ішінде 58 пәндік кабинетке 882 млн теңге, колледждерде 14 мамандық ашуға 556,1 млн теңге көзделген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

409 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. 2–6 жастағы балаларды қамту 97,5%, 3–6 жастағы балаларды қамту 100% құрайды. 2026 жылы 450 жаңа орын ашу жоспарланып, 313 орын ашылды. Кезекте 2–6 жастағы 1 145 бала және 3–6 жастағы 236 бала тұр.

Орта білім беру

313 мемлекеттік мектепте 129 272 оқушы білім алады. Оның ішінде 12 бастауыш, 31 негізгі және 270 орта мектеп, сондай-ақ 136 шағын жинақты мектеп бар. Ыстық және буфеттік тамақпен 65 508 бала, оның ішінде әлеуметтік осал санаттағы 24 077 бала қамтылған.

Инклюзивті және қосымша білім беру

Облыста ерекше білім беру қажеттіліктері бар 8 351 бала бар, оның ішінде мүгедектігі бар 1 836 бала. Инклюзивті оқытумен 6 278 бала қамтылған. 285 мектепте (91,1%) инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалған. 19 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді, 301 үйірмеге 11 858 бала қатысады.

Техникалық және кәсіптік білім беру

27 колледжде (21 мемлекеттік, 6 жекеменшік) 13 973 студент білім алады, оның ішінде 10 467 студент мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды. Даярлау

68 мамандық және 111 біліктілік бойынша жүргізіледі. 2026–2027 оқу жылына 5 896 адам қабылданды, оның 4 499-ы мемлекеттік тапсырыс бойынша. 14 колледжде 3 344 студент дуалды оқытумен қамтылған. 11 колледжде 14 жаңа мамандық ашуға 556 млн теңге бөлінді.

Қауіпсіздік және цифрландыру

313 мемлекеттік мектеп, 85 мемлекеттік балабақша және 19 колледж бейнебақылаумен қамтамасыз етілген. Барлық 417 ұйым Жедел басқару орталықтарына қосылып, дабыл түймелерімен жабдықталған. 206 ұйымда мамандандырылған күзет бар. Барлық мектеп интернетке қосылған.

Педагог кадрлармен қамтамасыз ету

Жалпы білім беретін мектептерде 15 145 педагог жұмыс істейді, оның 11 895-і (78,5%) біліктілік санаттарына ие. Оқу жылының басындағы қажеттілік 19 педагогті құрайды. Мемлекеттік білім беру ұйымдары басшыларының 26 лауазымы бос.

Тәрбие жұмысы және профилактика

Мектептерде «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы іске асырылуда. Полиция есебінде 46 кәмелетке толмаған бала тұр. 2026 жылғы қаңтар–қыркүйекте кәмелетке толмағандар арасында 6 аяқталған суицид және 4 әрекет тіркелген. 313 мектепте «Психолог кабинеті» платформасы енгізіліп, психологиялық сүйемелдеу және профилактикалық жұмыс жүргізілуде.

Басқарма басшысының орынбасары А. Шаихов